



Мұнайлы

Газет
2009 жылдың
01 мамырынан
шығады

«Маңғыстаумұнайгаз» акционерлік қоғамының газеті

№01 (42), қаңтар-ақпан, 2013 жыл

Өлке



ЕСІНДЕ МЕ СОЛ БІР КЕЗ...



Құрметті «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қызметкерлері! Қымбатты әріптестер!

Сіздің қолыңызда – «Мұнайлы Өлке» газетінің 2013 жылғы алғашқы саны. Осы жылы біздерді үш түрлі мерейтой күтіп тұр: Маңғыстау облысының 40 жылдығы, Ақтау қаласының 50 жылдығы және еліміздің ең ірі мұнайгаз компанияларының бірі «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 50 жылдығы.

Алтыстап кеткен сонау 1963 жылы Батыс Қазақстан Кеңес халық шаруашылығының 1963 жылғы 27 қарашасындағы №280 қаулысымен «Маңғышлақмұнай» мемлекеттік өндірістік бірлестігі құрылған. Мұнай өндіру кәсіпорны құрылмастан бұрын, яғни, 1961 жылдың 5 шілдесінде, тек қана Маңғыстау үшін емес, бүкіл еліміз үшін маңызды оқиға – Жетібай кен орнының №6 ұңғымасынан алғашқы қуатты мұнай фонтаны атқылағаны баршамамызға мәлім. Осыдан кейін Маңғыстауда мұнай өнеркәсібінің қарқынды дамуы басталды.

Сол кезде Маңғыстауда жалғыз бір ғана қала – Тұшқараған түбегіндегі Форт-Шевченко қаласы болған. Кеңес Одағы бастылығының елдің ядролық қалқанын құру туралы шешімі жаңа қаланың пайда болуына ықпал етті. Сөйтіп, 1963 жылы Ақтау кенті қала статусына ие болды. Келесі жылы Ақтаудың аты Шевченко деп өзгертіліп, еліміз Тәуелсіздік алғаннан кейін қалаға бұрынғы аты қайта берілді.

Содан кейін уран рудасын өндіріп, өңдеп және сол жерде байытатын ерекше кешен құрылды. Осы кешеннің өнеркәсіптік желісі химиялық реактенттердің

(азотты және күкірткішкіш қышқылды зауыттары), жылу электр қуатының, судың (ЖЭО, БН-350 атом реакторы) негізгі өндірісін қамтамасыз етті. Адамдардың лайықты тұрмысын қамтамасыз ететін сусыз шөл даладағы қаланың инфрақұрылымы құрылды. 1976 жылы әлемнің 53 қаласы үміткер болған ұлы қала құрылысымыз Патрик Аберкромбенің премиясы мен алтын медальі баламыздың жобалаушыларына табыс етті.

Сонымен, 1973 жылы Гурьев облысының оңтүстік бөлігінде Маңғышлақ облысы (1990 жылдан бері – Маңғыстау облысы) құрылды. Ұлы геолог, Қазақ КСР Ғылым академиясының тұңғыш президенті, КСРО ҒА академиясының Қаныш Сәтпаев түбектің үстінен ұшақпен ұшқанда, шөлдің «серлесіміне» жамылған әйел бейнесін сілестететінін көріп, оны «ұйықтап жатқан ару» деп атады. «Ұйықтап жатқан ару» геологтар «ойтты». Олар 50-ші жылдардың басында Маңғыстау жер қойнауындағы уран мен сирек кездесетін жер элементтерін, мұнай мен газ кендерін тапты.

Қымбатты әріптестер! 2013 жыл үш мерейтойдың аталуымен өтетін болады. Осыған сәйкес үстеміздегі жылы «Мұнайлы Өлке» газетінің редакциясы мұрағат

материалдары мен фотосуреттерін, мұнай өнеркәсібінің алғаш ашылғандары мен ардагерлерінің еске түсірулерін және т. с. с. басып шығаруды жоспарлап отыр.

Құрметті әріптестер, газетіміздің әр санының қалыптасуына Сіздер де белсенді үлестеріңізді қосатыныңызға үміт білдіреміз: Сіздерден Маңғыстау облысының, Ақтау қаласының, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ аяққа тұру кезеңдері туралы, туған өлкеміздің, қаламыздың, өнеркәсіптің дамуы үшін өз еңбегін, өз білімдері мен шеберліктеріңіз, өз жүрегіңіз берген адамдар туралы қызықты оқиғалар мен фактілер және фотосуреттер, құжаттарды, хаттамаларды қысқаша сипаттамасымен, яғни фотосуреттерде кім тұрса, қай жылы жасалған, қандай оқиғамен байланысты мына электрондық адресстерге:

g.setmagambetov@mimg.kz – Газиз Сермағамбетов;
e.sultanov@mimg.kz – Ерназар Сұлтанов;
l.zholdybaeva@mimg.kz – Лаура Жолдыбаева
e.aibaev@mimg.kz – Ербол Айтбаев

немесе Ақтау қаласы, 6 ш/аудан, КазНИПИ ғымараты, №126 немесе №330 кабинеттерге жолдауларыңызды сұраймыз.

Бірігіп тарихымызды жасайық, ағайын!

Құрметпен,
«Мұнайлы Өлке» газетінің редакциясы

АЛДА ЖАҢА БЕЛЕСТЕР КҮТУДЕ



- 2013 жылға жоспарларды айтпас бұрын, өткен жылды қысқаша қорытындылап кетуді жөн көремін. Алдымен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын және сервистік кәсіпорындардағы әріптестер мен ұжымдастарымызға үлкен алғыс айтып келеді. 2012 жылғы біз көштеген жетістіктерге жеттік, мысалы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ жылдық жоспарды 24 желтоқсанда орындап қойған болатын! Мұнай өндіру деңгейі артуының негізгі факторларының бірі: ұңғымаларды тік қазу, 52 бірлік жоспарында 66 ұңғыма қазылды. Қосымша өндіру 167 845 тоннаны мұнайды құрады. Сондай ақ, «ОСК» ЖШС 2012 жылғы ұңғымаларды бұрғылау бойынша жоспар асыра орындалды. Осыған байланысты қазан айының ортасынан бастап, 2013 жылға жоспарланған ұңғымаларды бұрғылау бағытындағы жұмыстар басталып кетті.

Сонымен қатар, мұнай өндірудің тиімді әдістерінің бірі ұңғымаларды көлденеңнен бұрғылау болып табылады. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламасы аясында 2012 жылғы 17 көлденең ұңғыма бұрғыланды, соның ішінде 7-і «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, ал 10-ы «Жетібаймұнайгаз» ӨБ тиесілі. Нәтижесінде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша қосымша өндіру – 53 573 тоннаны құрады.

Сондай-ақ, мұнай өндіруді ұлғайту және ұңғымаларды жөндеу аралық кезеңінде (ҰЖК) 2011 жылғы тәжірибе-өнеркәсіп сынақтарын (ТӨС) өткізу мақсатында СҮЈW12-5-53HF сипатты 5 бірлік тербелме-станоктар сатып алынған болатын. Бүгінгі таңда аталған жабдық 5 ұңғымада пайдаланылып отыр (№1949, 1194, 2873, 3003, 2247). Ұзын жүрісті тербелме-станоктардың ТӨС-ы сынақтан әлі өтуде. Жалпылай алғанда, пайдаланудың бүкіл кезеңінде СҮЈW12-5-53HF станок-тербелмелері сенімді, түйіндер мен тетіктердің жөндеусіз жұмыс жасап тұр.

Өткен жыл «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ үшін барлық бағыттарда өте табысты болды. Ең алдымен, Компания басты міндетіміз – жоспарды асыра орындады. Жалпылай алғанда, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 2012 жылғы 5 млн. 900 мың тонна жоспарында, 5 млн. 920 мың 728 тонна мұнай өндірді. Бұл нәтижеге бірнеше мыңдаған мұнайшылардың ұйымшылдығы арқасында қол жеткізілді. Бірақ, алдымызда жаңа мақсаттар мен жаңа белестер күтіп тұр. 2013 жылғы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ алдында қандай жоспарлар күтіп тұрғаны туралы Бас директордың өндірістік мәселелері жөніндегі орыбасары Қиынов Қазыбек Кетebайұлы әңгімелейді.

Ресейде шығарылған ЦП 80 -6-1/4 ұңғыма штангалық сорабының тізбекті жетегін өндіріске енгізудегі тәжірибелі-өнеркәсіптік сынақтамалар мақсатында, 2011 жылғы Жетібай кенорының 5 ұңғымасында №1 триас, 2976, 220, 911 және 2602 ЦП 80 -6-1/4 ұңғыма штангалық сорабының тізбекті жетегі сатып алынып, өндіріске енгізілген болатын. Қазіргі таңда аталған қошдырғылар бешіленген тәртіпте жұмыс жасап тұр.

Ұңғымаларды жөндеу аралық кезеңін (ҰЖК) арттыру және мұнай өндіру деңгейін арттыру мақсатында Қаламқас кенорында 2012 жылғы тәжірибе-өнеркәсіп сынақтарын (ТӨС) өткізу Қытай Ұлттық Республикасында жасалған 15 комплектті бұрандалы сорап енгізу бойынша жұмыстар басталды. Бүгінгі таңда 15 комплектті бұрандалы сорап 8 ұңғымада орналастырылды. Ал қалған комплекттерді енгізу бағытындағы жұмыстар 2013 жылғы жалғасын табады.

Ал 2013 жылға арналған жоспарларға келетін болсақ, 6 001 000 тонна мұнайды өндіру болжалып отыр. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ - 1 746 000 тонна мұнай, «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ – 4 255 000 тонна мұнай өндіруді көздеп отыр. 2013 жылғы табиғи газды өндіру 302,993 млн. текше метрге жетеді деп күтілуде.

Зақымданған (бүлінген) пайдалану тізбекті ескі мұнай ұңғымаларын қымбат тұратын күрделі жөндеуден өткізбей пайдалануға беру үшін, 2012 жылғы «Мұнаймаш» АҚ-мен 2 жинақтан тұратын «Сағрылаулы аралықтарды бір мезгілде оқшаулау арқылы мұнай өндіру жабдықтары жинағы» жаңа технологиясын енгізуге шартқа қол қойылды. Бұл жұмыстар Жетібай кенорындағы 2 ұңғымаға түсіруге 2013 жылдың ақпан айына жоспарланып отыр.

Сонымен қатар, 2013 жылға арналған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өндірістік бағдарламаларына сәйкес ТӨС өткізу мақсатында пайдалану үшін қосымша тағыздау көптеген механикалық қосымшалары бар ұңғымаларға арналған «Мұнаймаш» АҚ өндірген 20 бірлік әртүрлі диаметрдегі арнайы штангалы ННШ сорғыларын енгізу жоспарланып отыр. Және Жетібай кенорында ТӨС қолданысқа енгізу үшін «Мұнаймаш» АҚ өндірген жоғары газды факторы бар ұңғымаларға арналған әртүрлі диаметрлі арнайы штангалы екі басқышты 2СП/Б-Д сорғысы қолданылу жоспарланып отыр. Жетібай кенорында ТӨС қолданысқа енгізу үшін арнайы штангалы НН-СПБ типті сорғысы екі ұңғымаларды және жанама ұңғыны да осы «Мұнаймаш» АҚ өндірілген әртүрлі диаметрдегі 20 бірлік қолданысқа енгізу жоспарда. Жетібай кенорында ТӨС қолданысқа енгізу бойынша



Франциялық PCM design 5 комплект алуы жоспарлануда. Су айдау ұңғымалардың жөндеу аралық кезеңін (ҰЖК) ұлғайту мақсатында ТӨС жүргізу үшін 2012 жылғы «ШПКЗ» өндірілген 10 ұңғымаға шынышастықалық СКК жеткізу және енгізу бойынша шарт жасалды, ШСКК түсіру үшін 10 ұңғыма таңдап алынды, 2013 жылғы ШСКК түсірілімі күтіліп отыр. 2013 жылғы Қаламқас кенорында ТӨС өткізу, УЭЦН ауыстыру мақсатында арнайы ННАБ-95-30-08-1 10 комплектті сорғысын сатып алу көзделіп отыр.

Қорытындылай келе, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ ұжымын, әріптестерімді 2012 жылғы жасалған нәтижелі жұмыстары үшін алғыс айтып келеді. 2013 жылғы да компания үдемелі қозғалысын жалғастырады және біздің мұнайшылар алдына қойған барлық міндеттерді орындайды деп сенемін.



ТАҒАЙЫНДАУЛАР * ТАҒАЙЫНДАУЛАР * ТАҒАЙЫНДАУЛАР



2013 жылдың 18 қаңтарында Маңғыстау облысының әкімі болып Айдарбаев Алик Серікұлы тағайындалды.

Айдарбаев Алик Серікұлы 1963 жылы 19 мамырда Алматы облысы Шелек ауданы Александровка ауылында туылған.

1985 жылы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультеті «Мұнай кен орындарын өңдеу» мамандығы бойынша бітірген.

1985-1991 жж. - «Жетібаймұнай» МӨБ цехінің операторы, мастери, технологиясы, басшысы.

1991-1994 жж. - «Жетібаймұнай» МӨБ-нің басшысы.

1994-1995 жж. - «Оңтүстік Қазақстан мұнай-газ» өндірістік бірлестігі бас директорының орынбасары, бірінші вице-президенті.

1995-2009 жж. - «Торғай Петролеум» АҚ Бас директоры.

2009 жылдың желтоқсан айынан бастап 2011 жылғы сәуірге дейін - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры.

2011 жылдың сәуірі мен 2011 жылдың желтоқсан айлары аралығында - «ҚазМұнайГаз» ҰҚ» АҚ барлау және өндіріс бойынша басқарушы директоры.

2011 жылдың желтоқсан айы мен 2013 жылдың қаңтары аралығында - «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ Бас директоры.

«Құрмет» және «Парасат» ордендерімен марапатталған. Қазақстан Республикасы Туғандық күніне 10 жылдығы және Қазақстан Республикасы Конституциясының 10 жылдығы мерейтойына медальдарымен марапатталған. «Қазақстан полициясының 15 жылдығы» төсбелгісінің иегері.

2005 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің Алғыс хаты. Техника ғылымдарының кандидаты. Қ.Сотбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық университетінің құрметті профессоры. «Құрмет» мұнай кен орынын өндірудің теориясы мен практикасы» кітабының авторы (1999 ж.).

Жаңаулы, екі қыз, бір ұл тәрбиелеуде.



2013 жылдың 23 қаңтарында Директорлар Кеңесінің шешімімен «Әлеммұнайгаз» АҚ Бас директоры болып Асқар Рахманов Кішібайұлы тағайындалды.

Асқар Рахманов 1961 жылдың 1 қыркүйегінде Маңғыстау облысына қарасты Маңғыстау ауданының Шевченковокске селосында дүниеге келді. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнайгаз кенорындарының машина жабдықтары мамандығы бойынша тәмамдады. 2001 жылы Орта-Азиялық университетін заңгер мамандығы бойынша бітірді.

1978-1979 жылдары «Манғышлакряб-холофлот» Басқармасында машинист оқушысы болды.

1984-1986 жылдары - АИТҚ-3 Маңғыстаудағы ББҚ комсомол комитетінде хатшы.

1986-1987 жылдары - АИТҚ-3 Маңғыстаудағы ББҚ комсомол комитетінде хатшы.

1987 мен 1991 жылдар аралығында - Мұнайлы, Бүбі райкомындағы ЛКЖК Маңғыстау облысқосмолинда бірінші хатшы.

1990 жылы - Маңғыстау облысының жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы.

1993 және 1995 жылдары - Маңғыстау облыстық жастар ісі, туризм және спорт басқармасы төрағасының орынбасары.

1995 жылы - Баға және монополияға қарсы саясат бойынша Маңғыстау облыстық комитеті төрағасының орынбасары.

1997 және 2002 жылдары - Маңғыстау облыстық ақпарат және қоғамдық кеңіс басқармасының басшысы.

2002 және 2008 жылдары - Маңғыстау облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы.

2008 жылғы «Нұр Отан» ХДП МОФ төрағасының бірінші орынбасары болып тағайындалды.

2009 және 2012 жылдары - «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директорының әлеуметтік және әкімшілік мәселелер жөніндегі орынбасары.

2012 жылдың қыркүйегінен бастап «Әлеммұнайгаз» АҚ Бас директорының әлеуметтік мәселелері жөніндегі орынбасары болып қызмет атқарды.

Жаңаулы, екі бала тәрбиелеуде.



Жиембаев Берік Көйжебекұлы 19.12.2012 жылы ұғымаларды бұрғылау және күрделі жөндеу департаментінің директоры болып тағайындалды.

Берік Көйжебекұлы Жиембаев 1961 жылы 10 қарашада Гурьев облысы Балықты ауданы Жұмыскер кентінде дүниеге келді. 1979 жылы Гурьев қаласының В. И. Ленин атындағы №4 орта мектебін бітіріп, сол жылы В. И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының мұнай факультетіне түседі, 1984 жылы «Мұнай және газ ұғымаларын бұрғылау» мамандығы бойынша үлдік тәмамдады.

Еңбек жолын 1984 жылы Балықты барлау бұрғылау басқармасында бұрғылаушы көмекшісі болып, ал 1985 жылдан бастап 1993 жылға дейін бұрғылау мастери, бұрғылау басшысы және сол басқарманың №2 тереңі барлау бұрғылау экспедициясының бас инженері болып істеді. Қызметінің осы кезеңі Батыс аймақтағы геологиялық барлау жұмыстарының қарқынды дамуымен қатар өтті. Б. К. Жиембаев сол кезеңді оқиғалардан нақ ортасында болды. Ол Теңіз, Корольск, Кесімбай кен орындарын игеру, Гурьев құмбесі қорықшында 7000 метр жобалық тереңдікте барлау бұрғылау жүргізу және т.б. жұмыстарға қызу қатысты.

1993 жылдардың басында «Тенізмұнайгаз» бірлестігі Жылौй бұрғылау жұмыстарының басқармасын ұйымдастырды. Ол Теңіз, Прорва, Кесімбай, Ақсудық, Терек Өзек кен орындарында пайдалану ұғымаларын бұрғылауды жүргізген кезде Б. К. Жиембаев 1993 жылдан бастап 1997 жылдарға дейін басқарманың бас инженері болып істеді, мұнай мен газ өндіруді ұйғайтуға өз елесуі үлесін қосты.

1997 жылдың 24 наурызында «Қазақойл» ұлттық мұнай компаниясы құрылып, Жиембаев бұрғылау жөніндегі бас менеджер болып тағайындалды. Мұнда көшірмалардың жұмысын жақсарту жөніндегі нақты ұсыныстарды әзірлеу мақсатында олардың қызметі жөніндегі ақпаратты жинау және өңдеу, көшірмалардың дамуына тапдау жүргізу үшін оның өндіріске анық тәжірибесі пайдалы болды.

Кәсіптің тәжірибесі қазақстандық секторын игерудің мемлекеттік бағдарламасын іске асыру үшін 2003 жылдың сәуір айында «ҚазМұнайГаз» Теніз мұнай компаниясы құрылды, Жиембаев өндірістік-техникалық департаменттің директоры болып осы компанияға қызметке шақырылды. Департаменттің мақсаты - лицензиялық аумақтарда геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу болды. 2004 жылдың наурызынан бастап сол жұмысты «ҚазМұнайГаз» Ұлттық Компаниясына тәуелсіз жобаларды дамыту департаменті директорының орынбасары ретінде жалғастырды. 2009 жылдан бастап осы тағайынлауға дейін Кәсіптің тәжірибесі қазақстандық секторының лицензиялық «Н» блоғында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізіп жатқан «Н Оперейтинг Компани» ЖШС-де Бас директорының орынбасары қызметін атқарып келді.

Табысты еңбегі үшін бірнеше рет министрліктер мен ведомстволардың құрмет грамоталарымен, кеуде белгілерімен марапатталды.

Жаңаулы, төрт ұл тәрбиелеуде.

№	Қабылдағаны күні	ТАЖ	Қызметі
1	08.01.2013	Хань Сяофэн	Геология және кен орындарын игеру департаменті игеру бөлімінің басшысы
"Қаламқасмұнайгаз" ӨБ қызметкерлерінің кадрлық ауыстырылымы			
2	15.01.2013	Құшмамбетов Саяғатұлы Мияртұлы	Өндірістік-технологиялық бөлімінің сораттық-компрессорлық құбырлары мен тереңдік сораттары сақтау, жөндеу учаскесінің басшысы
3	15.01.2013	Иманов Серік Тоқтарбайұлы	Өндірістік-технологиялық бөлімінің сораттық-компрессорлық құбырлары мен тереңдік сораттары сақтау, жөндеу учаскесінің басшысы
4	15.01.2013	Есірқиев Таубай Нәдірханұлы	Өндірістік-технологиялық бөлімінің ұғымаларды ағымды жөндеу тобының жетекші инженері
5	15.01.2013	Жанбұршинов Сахат Таңбайұлы	Қабат қысымын ұстау цехы басшысының орынбасары

БӘРІНЕН ДЕ ЕҢ БАСТЫСЫ – ӘРІШТЕСТЕРІМІЗДІҢ АМАНДЫҒЫ

Ақтау-Жетібай трассасында орын алған жол апатында зақымданған «Жетібаймұнайгаз» ӨБ барлық жұмысшылары ауруханадан шығып, олардың көпшілігі өз қызметтеріне оралды. Естеріңізге салып өтсек, авария 2012 жылдың 29 желтоқсанында таңғы 7 сағат 20 минутта Ақтау-Жетібай трассасының 57 шақырымында Қарақия ойнитынан көтерілу кезінде болды. «Жетібаймұнайгаз» ӨБ жұмысшыларын (жүргізушімен бірге 21 адам) тасымалдан баяра жатқан «ДЭУ» маркалы жолаушылар автобусы «КамАЗ» жүк автокөлігімен соқтығысқан.

Жол апатының нәтижесінде автобустың ішінде болған 19 адам мен «КамАЗдың» жүргізушісі және жолаушысы зақым алды. Олардың барлығы жедел түрде облыстық ауруханаға жатқызылды, ал жарақат алғаннан аман қалғандары Жетібайдағы дәрігерлік амбулаториясында тексерілгеннен кейін

кен орындағы жұмыс орындарына жеткізілді.

ӘмжәнеӘДД МСБ жанындағы Жетібай дәрігерлік амбулаториясы күшімен жол апаты орын алған жерде пациенттерге қажетті медициналық жәрдем көрсетіліп, облыстық ауруханада жалғас-

тырылды. Бұл апат ешкімді немқұрайлы қалдырмады. Зақым алғандардың хал-жағдайлары өріштелердің барлығын уақытты, олардың емделу барысы ӘмжәнеӘДД МСБ басшылығы мен дәрігерлері қадағалап отырды. Ауруханада ем алып жатқан зақым алғандар «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры Сұйе Санжұмыс, Бас директорының бірінші орынбасары Махамбет Досмұхамбетов және т. б. департаменттер басшылары барып, көңілдерін сұрап шықты.

– Ең ауыр жарақат алғаны – автобус жүргізушісі, оның жарақаттары бір-бірімен жалғасып жатып: іші мен кеудесінің жабық зақымдары, көкшандыр мен кеуденің ішкі қансырауы, қол қоспағы мен жілігінің сүйектерінің сынуы, көтпеген дене жаракаттары, – дейді медицина-санитарлық бөлім басшысы Әзірбай Ораз. – Алғашқы



сағаттарда оған операция жасалды. Облыстық аурухананың хирургтары, травматологтары және анестезиолог-реаниматологтарының үйлесімді жасалған жұмысының арқасында операция сәтті өтті. Автобус жолаушыларының көбісінде аяқ-қол, мұрын, бас сүйек бегі сүйектерінің сынуы, ауырлығы әр түрлі дәрежедегі жабық бас сүйек-ми зақымды, соғқилулар және басқа дене зақымдары болды. Қазіргі таңда қабаттық пациенттер ауруханадан шығарылды, олардың кейбіреулері жұмысқа шықты, ал көпшілігі емін амбулаториялық жағдайда жалғастыра отырып, жақын арада қызметтеріне кірісуге дайындалуда.

Жол апаты себептерін тергеу үшін арнайы комиссия құрылып, оның құрамына Төтенше жағдай департаментінің, Жол полициясы басқармасының, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ өкілдері және басқа мамандар кірді. Тергеу нәтижесінде келік жүргізу кезінде ұйықтап кеткен «КамАЗ» жүргізушісінің жол апаты үшін кінәлі екендігі анықталды. Созыммен қатар, жол апаты салдарынан зақымданған «Жетібаймұнайгаз» ӨБ барлық жұмысшылары өндірістік жарақат алғандары комиссия анықталды.

Өріштелерімізге тезірек толық жазылуға тілей отырып, жақын арада өз қызметтеріне кірісетіндеріне сенім білдіреміз.



ЕСКІ ЖЫЛДЫҢ ЕҢСЕРГЕНІ ЕЛЕУЛІ!



Жыл қорытындысы бойынша «Манғыстаумұнайгаз» АҚ басшылығы «Қаламқас» және «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-да болып өндірістік нысандардың жұмысымен танысты. Бас директор Сунь Сяньюнь және бірінші орынбасары Досмұхамбетов М.Д. бастаған жұмыс тобының құрамында орынбасарлары мен департамент басшылары болды. Өндірістік басқармалардың басшылары сапар барысында жаңа басшылық құрамын мұнайшылармен таныстырды. Көкейлеріндегі сауалдарын қойып ұсыныс-пікірлермен алмасты. Жылдық жоспарды уақытынан бұрып орындағандары үшін мұнайшыларға алғысын білдірген Сунь Сяньюнь мырза жаңа жылдың бастап жаңа жылдың 7%-ға жоғарылайтын айтып қуантты. Кездесу барысында жұмысшылар мекемесіндегі пайызды несиелі алу жолдарын қарастыруды сұрады, сондай-ақ, Асар кеуорындағы вақталық поселкенің жатақханасын жөндеп,

қызметтік қажеттіліктерге байланысты көп орынға арнап салуды, сол жердегі ауыз-су мәселесін шешіп беруді ұсынды. Жұмысшылар ұсынған ұсыныстардың бірі, өздері кәсіпін қолғаптардың талапқа сай еместігі, майға төзімді бес саусақты жылы қолғап түрін қолданысқа енгізуді сұрады.

Жұмыс сапары ауыл әкімдері мен ақсақалдарының басын қосқан деңгелек үстелге ұласты. Әлеуметтік салнаға қолдау көрсеткендері үшін алғыс білдірген аға бұрын ауыл және елді-мекендердің қым-қуыт тіршілігі таусылмайтын, республикадан бөлінген көліктің мектептерге, бала-бақшалар мен ауруханаларға жетіспей жататынын айтып, автокөлік мәселесін алда қарастыруды және ауыл жастарын жұмыс орындарымен қамтамасыз ету үшін Қоғамның қаржылай қолдауымен қандай да бір өндірістік кооператив немесе шаруашылық орнын ашып беруді ұсынды. Ақтау-Қаламқас тас жылы қайта жөндеуді қажет ететіні туралы да отырғысты тілге тиек етті.

Ұсыныс-пікірлерді тыңдаған жұмысшы топ көтерілген мәселелер бойынша жұмысшының атындағы айтты, 2012 жылдың жетістіктері мен қолдау-көмегі және 2013 жылда жасалатын жұмысына тілге беріліп кетті. Іс сапар соңында «Манғыстаумұнайгаз» АҚ атынан ауыл ақсақалдарына ақ дастарқан жайылым, сый-сияпат көрсетілді.



ОТАНДАСТАРЫМЫЗГА КӨМЕК КӨРСЕТУГЕ ӘРДАЙЫМ ДАЙЫНБЫЗ!

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ жұмысшылары Жаңа жыл қарсаңында Шымкент қаласы маңайында орнап алған қайғылы оқиғаның тыс қыла алмады. Естеріңізге салып өтсек, 25 желтоқсан күні Астана-Шымкент бағыты бойынша рейс орындаған АН-72 өскере-көлік ұшағы аянтық ұшырады. Оның бортында 7 экипаж мүшесі және ҚР ҰҚК шекара қызметінің 19 өскере қызметкері болды.

— Адамдар қаза тапты, біздің отандастарымыз, жөнгенген жаңақ отбасысыз қалды, біздер қайғылы оқиғаға немқұрайлы қарай алмайды, — дейді «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бастығы Нурпейіс Сарсенбай. — Біздің жұмысшыларымыз 2 млн. 762 мың теңге жинады, осы қаражатты біздер әуе аяғында олап болған шекаралық жаңуларынға аударамыз.

Мұнайшылар аянтық ұшыраған отандастарымызға әрдайым қол ұшын беріп тұрады. Мысалы, 2011 жылдың сәуірінде «Манғыстаумұнайгаз» АҚ жұмысшылары Батыс Қазақстан облысында су тасқынынан зардап шеккендерге көмек көрсетті. Сол кезде біздің қызметкерлер 5 млн. 330 мың теңге жинап, су тасқынынан зардап шеккендерге жәрдем етті.

«Қаламқасмұнайгаз» ӨБ мен «Жетібаймұнайгаз» ӨБ кен орындарында «ШПҚЗ» ЖШС шығарған СКҚ шыныластық құбырларды айдама ұңғымаларына енгізу жұмыстары басталды. Осындай құбырлар біздің өндірістік нысандарымызда алғашқы рет қолданылуда. Диаметрі 73 мм алғашқы СКҚ шыныластық құбыры Жетібай кен орнының №2073 айдама ұңғымасына түсірілді.

ЖАҢА ЗАМАНҒА – ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯ



Шыныластық құбырды №2073 айдама ұңғымасына түсіру және монтаждау жұмыстары 20 қаңтар күні 22 сағат 30 минутта басталып, келесі күні сағат 17.00-де аяқталды.

Алайда, шыныластық құбырды түсірместен бұрын үлкен дайындық жұмысы жүргізілді — сол сәтке жарамсыз болып қалған металл құбыры алынды, забойға дейінгі пайдаланудағы колонна тазартылды, диаметрі 120 мм шаблону бар перо түсірілді. Барлық жұмыстар орынбасары Асан Сүлейменов пен №38 бригадасының аға шебері Нарман Жұмановтың жетекшілігімен жүргізілді.

Шыныластық құбырды түсіру мен монтаждау сәтті өтіп, кәзіргі таңда ұңғымасына қосылды.

Өндірістік департаментінің мұнай және газ өндіру мекемесі Темірхан Төлесінің мәлімдемесі бойынша, құрылған жасалған жай СКҚ пайдаланылған кезде жер қыртысы қысымын бір қалыпта ұстау үшін айдалатын судың басқыншылық ортасында механикалық қосымшалардың көп болуының

кесірінен СКҚ коррозиясы мен тозуы артады. Шыныластық СКҚ енгізілгенде жоғарыда көрсетілген проблемалар жойылады, себебі, олар басқыншылық орталарға жоғары химиялық төзімділік тапты.

Шыныластық СКҚ ішкі тетік қабырғаларының сұйық ағынына гидравликалық кедергісінің әлсіз болуы, электрокуаттың үнемделуіне және айдалатын сұйықтың көбеюіне мүмкіндік туғызды. Шыныластық СКҚ құбырының салмағы қарапайым құрылған жасалған СКҚ салмағынан төрт есе жеңіл, сондықтан түсіру мен монтаждау уақытын қысқартуға болды.

Шыныластық СКҚ айдама ұңғымаларының ЖАК көбеюі, ұңғымалардың жер асты жабдықтары ауыстыру үшін жүргізілетін жөндеу жұмыстарының көлемін азайту мақсатында өсітіледі.

«Манғыстаумұнайгаз» АҚ 10 айдама ұңғымаларына 2013 жылы шыныластық құбырлар түсіру жоспарынап отырғанын айта кетуіне болады (5 ұңғымасы — «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ, 5 ұңғымасы — «Жетібаймұнайгаз» ӨБ).



Сіз білесіз бе?

☞ Өлемдегі алғашқы мұнай өндірісі: 327 жылы қытай инженерлері бамбук ағашынан жасалған құбырлардың көмегімен жер астынан, 240 м тереңдіктен, мұнай тамшыларын өндіріп бастады. Сол кезде мұнайды «жамбыл су» деп атаған және оны, теңіз суын буландырып, тұз өндіру үшін пайдаланған.

☞ Мұнай өндірісінен алыс жүрген адамдар арасында «сұнайды жер асты бассейндерінен тартып шығарды» деген пікір қалыптасқан. Шыныластық, «сұра алыны» консистенция жағынан саз башыққа ұқсас болып келетін жер қыртыстарынан сорып алынады. Сұйықтың көтерілетін тереңдік әр түрлі болуы мүмкін.

☞ Мұнай өндірісі жер қыртысының гидро үзілуінен басталады, оның нәтижесі — ұңғымасы забойының орнына мұнайды ағып келтіретін жарылу жасуы. Гидро үзілу үдерісінде қуатты сарғалар арқылы жер астына су немесе арнайы гель айдалады. Пайда болған жарылу фиксация үшін кварц құмымен толтырылады. Суды жер қойнауына айдау мұнай өндіру барысында да жалғастырылады — осылайша жер қыртысындағы қысым бір қалыпта сақталады.

☞ Тереңдіктен көтерілген мұнайдың температурасы 90°C дейін жетеді және оның құрамында көп мөлшерде табиғи

газ болады. Мұнай өндіру компаниялары үшін газ жанам өнім болғандықтан, оның едәуір бөлігі жағылып жіберіледі. Газды утилизациялаудың осындай түрі экологиялық зиянды және бейберекет деп саналады, сондықтан солғы жылдары өндіріс компанияларымыз, бытыс өрігістерінің жоқын құлып, газ электр станцияларының құрылысына инвестициялап бастады. Мұнай өнеркәсібі қуаттың көп мөлшерде шығуын қажет етеді, осыған байланысты ілеспе газды электр қуатын өндіруге пайдалану өте тиімді болып келеді.

☞ Мұнай өнімінің түсі ашық болған сайын оның құрамындағы күкірт аз болады. Мұнай өлдеудің тиімділігін дәл осы ашық түсті мұнай өнімдерінің шығуымен бағалайды. Көршілес



Ресейде мұнайдың бір тоннасына 150 л бензин өндіріледі, АҚШ-да — бұдан үш есе көп.



☞ Мұнайдың көлемін бөлшекпен (ағылшын тілінде — barrel) анықтайды. Дүниежүзілік стандарт — көлемі 158,988 л болып келетін американдық мұнай баррелі. Мұнай баррелі басқа баррелдерден (мысалы, сыра баррелінен) көлемі жағынан өзгеше болып келеді.

☞ Мұнайдың маңызды сапалық сипаттамаларының бірі — түсі. Құрамына байланысты ол қара, қарақоңырдан бастап қызғылт, сарғы және ашық сарыға дейін өзгереді. Мұнайдың көмірсутектері түссіз, мұнайдың түсі негізінде оның смолалық-асфальттік қосындыларына байланысты. Сондықтан, мұнайдың құрамында аталмыш қосындылары көп болған сайын, оның түсі қарая береді, сонымен қатар, тығыздығы да жоғарлай береді.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ облыстағы бірнеше ауданға қолдау көрсетіп келеді. Соның бірі Маңғыстау мен Қарақия аудандары.

Достүрге айналған игі істің жалғасы ретінде екі ауданға екі автобус және бір жүк таситын трактор сыйға тартылды.

Турақты демеушіміз болған «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ көмегіне дән ризашылығымызды білдіреміз. Халық игілігіне арналған әлеуметтік көмекеріміз жалғасын таба бергей, – деп өз сөзінде көпшілік алуға арнайы келген Маңғыстау ауданы әкімшілігінің бөлім бастығы Өмірзақ Досанов мырза.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ әлеуметтік саясаты

кәсіпорнының даму стратегиясының құрамдас бөлігі. Сондықтан өткен жылы әлеуметтік көмек көрсетуге жоспарланған 1 миллиард теңге қарастырылды. 2012 жылы Маңғыстау ауданының өзіне 187 миллион бөлінген. Ол қаржыға Қызыл Тұран ауылының және Шетпе – Қазан бағындағы тас жол құрылысы жөндеуден өтті, сондай – ақ, Қарақия ауданының бірнеше әлеуметтік нысандар, соның ішінде спорттық алаңдар бой көтерді. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бизнесте әлеуметтік көмек көрсету шараларын жалғастыруды жоспарлап отыр.



ТІЛСІЗ ЖАУДАН САҚтанУҒА БОЛАДЫ



«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ кен орындарында орналасқан өндірістік басқармаларының нысандарын өрттен қорғау мақсатында 1999 жылдың сәуір айында Қоғам Директорлар кеңесінің шешімімен қауіпсіздік басқармасы құрамында ведомстволық Өртке қарсы қызметі құрылды. Компанияның Өртке қарсы қызметінің өрт сөндіру командалары Қаламқас және Жетібай кен орындарында орналасқан нысандарды күзету мақсатында ұйымдастырылған.

Бүгінгі күнде Өртке қарсы қызметі өзінің жұмыстарын Қазақстан Республикасының «Өрт қауіпсіздігі туралы» Заңына және 2008 жылғы 15 қазанда ҚР Үкіметінің №949 жауапсымен бекітілген «Мәмілекеттік емес өртке қарсы қызметінің ережелеріне» сәйкес ұйымдастырып отыр.

Өрт сөндіру командалары заманауи техникалармен, құралдармен жабдықталған. Өрт командасы жаңадан алынған өрт машиналары, өрт сөндіруге арналған құрал-жабдықтары бар. Газ, түтіннен қорғау қызметі ұйымдастырылған. Өрт сөндіру командаларының негізгі құрамы вахталық әдіспен жұмыс жасайды.



Өр вахтада негізгі құрамдармен Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар департаментімен келісілген «Қызметтік және жауынгерлік дайындық» оқу жоспарлары бойынша түрлі жаттығулар және сабақтар өткізіледі. Сонымен қатар, нысандардағы жасалатын өтпен жұмыс жасау және дәнекерлеу жұмыстары, авариялық жұмыстар, сумен жер қабытқан жару және тағы да басқа жұмыстарға кезекшілікке шығып тұрады.

Қаламқас және Жетібай кен орындарында орналасқан өрт сөндіру командалары ғимараттарында өрт сөндіргіштерді толтыру, техникалық байқаудан өткізілетін және ағаш бұйымдарын өртке қарсы өртінділермен сіндіру базасы бар.

Өрттің алдын алу мақсатында акционерлік қоғамның кен орындарында орналасқан нысандарда өр вахтада пұсқаушылар жұмыс жасайды. Олар күнделікті нысандарды аралап, өрт қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалайды. Анықталған кемшіліктерді жою жөнінде нысан басшыларына ұсыныстар және жұмысшылармен өрт қауіпсіздігін сақтау жөнінде нұсқаулар беріліп тұрады.

2012 жылдың қорытындысы бойынша «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Қаламқас және Жетібай кен орындарындағы нысандарда өрт және тағы басқа авариялық жағдайлар тіркелген жоқ.

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ қауіпті өндірістік нысандарында өрттің болмауы мен қалыпты жұмыс жасауында және өртке қарсы ережелердің сақталуында өртке қарсы қызметі мен басқа қызметтерінің де үлесі бар. Болашақта осы бағыттағы жұмыстар жүйелі жүргізіле береді.

Н. Соспанов,
Өртке қарсы қызметі бастығы

«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ техника қауіпсіздігі, еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау департаментінің (ТҚ, ЕҚ және ҚОҚ департаменті) азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар қызметі 2012 жылды жақсы көрсеткіштермен аяқтады. Осындай нәтижеге «Еңбек – бәрін де жебеу» ұранымен жыл бойы еңбек еткен «төтенше жағдайшылар» ұжымы біліктілігі жоғары, тәжірибесі мол маман Жұмабай Табынаевтің жетекшілігімен жетті.

САҚтанСАң – САҚтайДЫ

Азаматтық қорғаныстың ең басты міндеті – халықты, экономика нысандары мен аумақтарды табиғи және техногендік төтенше жағдайлардан қорғау болып табылады.

Азаматтық қорғаныс бойынша басшылық құрамы, құрылымдары және жұмысшыларды дайындау ұйымдастыру Қазақстан Республикасының «Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы», «Авариялық-құтқару қызметі және құтқарушылардың мәртебесі туралы», «Азаматтық қорғаныс туралы», «Өрт қауіпсіздігі туралы» және «Терроризмге қарсы күрес туралы» Заңдары негізінде жүргізіледі. Сонымен қатар, Жетібай және Қаламқас кен орындарында жұмыс жасап жатқан мұнайшылар арасында төтенше жағдай және азаматтық қорғаныс саласындағы білім көңілін нысаятталды.

Жұмысшыларды оқытатын үйрету кезінде «Баршаның назарына!» дабылы бойынша іс-қимылдардың дұрыс жасалуына және өзара көмек көрсету әдістерінің меңгерілуіне ерекше назар аударылады. Өндірістік басқармалардың жұмысшылары кешенді жаттығуларға, нысандық жаттығуларға және жаттығулардың басқа да түрлеріне толықтай тартылды.

Бүгін құрылым құрамы үшін 15 сағаттық, ал нысандық жұмысшылар мен қызметшілер үшін 12 сағаттық оқу бағдарламалары бойынша азаматтық қорғаныс пен төтенше жағдайлар сабақтары өткізілді. Сабақтарды цех бастықтары, олардың орынбасарлары немесе шеберлер өткізді және арнайы сабақ журналдарына белгілерін қойды. Оқытуды жоспарлау кезінде кен орындарындағы жұмыс ірғағы ескерілді.

Құрылым командалары, цех басшылары үш жылда бір рет Маңғыстау облыстық төтенше жағдайлар департаментіне оқуға жіберіліп тұрады. Сөйтіп, 2012 жылы «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бойынша облыстық төтенше жағдайлар департаментіне оқуға 117 адам жіберілді. Соның ішінде «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ бойынша 25 адам, «Жетібаймұнайгаз» ӨБ бойынша 25 адам біліктіліктері арттырды. Өндіріс басшылары, штаб бастықтары Алматы қаласына барып, азаматтық қорғаныс және төтенше жағдайлар бойынша білімдерін жетілдіріп қайтты.

АҚ және ТЖ қызметтері жылдық айлық және аталық жоспарлары негізінде ұйымдастырылады. Кешенді, нысандық, командалық-штабтық, арнайы әдістемелік жаттығулар тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Жыл сайымын «Қыс», «Қоктем» республикалық командалық-штабтық оқу жаттығуларынан тыс қалған емесіз. Сонымен қатар, Маңғыстау және Қарақия аудандары бойынша өтетін оқу жаттығула-



рына да ат салысамыз.

Мысалы, Маңғыстау ауданы Каспий теңізі бөгейде (бөгет ұзындығы 30,4 км) күшті қиырлардың алдын алу және оны жою кезіндегі іс-қимылдар тақырыбында «Қаламқасмұнайгаз» ӨБ өткен жаттығудың мақсаты төтенше жағдай орын алған кезде күш-құралдарды жұмылдыру және зардабын лезде жою жұмыстарын ұйымдастырудың құрылымдардың шеберліктерін нысаятталды.

